

А.Ф. Утяев¹, Ж.Ж. Жарылғапов²

¹Баһқұрт мемлекеттік университетінің Стерлитамақ филиалы, Ресей;
²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
 (E-mail:zharylgapov_zhan@mail.ru)

Модернизм хақындағы теориялық дискурстар

Макалада қазіргі өнер мен мәдениетте, философияда, әдебиетте ең көп талқыланатын өзекті мәселенің бірі — модернизм құбылысы туралы сан түрлі теориялық көзқарастарға талдау жасалды. Әдебиет пен өнердегі «модернизм» ұғымына берілген анықтамалардың біркелкі емес, көптеген көзқарас эстетикалық теориялардың қақтығысынан тұратыны нақты мысалдар арқылы негізделді. Зерттеу барысында әдебиетіндегі модернистік ағымдар өзіне дейінгі шығармашылықтағы философиялық негіздер мен көркемдік-эстетикалық принциптерді қайта қарау негізінде туып отырғаны дәлелденген. Қазіргі әдебиет теориясындағы «модернизм» мен «постмодернизм» ұғымдарына байланысты әлемдік концепциялар талдана отырып, қазақ әдебиетінің даму жолындағы, идеялық-эстетикалық жаңашыл ізденістер туралы толымды мағлұматтар берілген. Модернистік ағымдардың теориясы қарастырыла отырып, қалыптасқан жаңа поэтикалық парадигмалар жөнінде тұжырымдар жасалған.

Кілт сөздер: модернизм, модернистік ағымдар, модернистік мектептер, постмодернизм.

Ұлттық әдебиетімізді әлемдік үдерістен бөліп қарай алмаймыз. Себебі, қазақ әдебиеті де бүкіләлемдік көркем ойдың бір бөлшегі. Демек, дүниежүзілік әдеби үрдістен сырт тұра алмайтынымыз белгілі жайт. Жаһандық әдебиеттегі ортақ бағыттар мен ағымдардың ұлттық әдебиетіміздегі орнын саралап, қазақ әдебиеті мен әлемдік әдеби үдерістердің байланысын анықтау — әдебиеттанушылардың зерттеуіндегі өзекті мәселелер.

Философияда, әдебиетте модернизмнің туу кезеңі туралы пікірлер әртүрлі. Еуропаның қоғамдық ғылымдарында, әсіресе философияда модернизмді Ф.Бекон, Р.Декарт, Дж.Локк есімдерімен тығыз байланыстырады. Модернизмнің XX ғасырда пайда болғаны туралы айтылып жүр. Ондай пікірлерді ұлттық әдебиеттанушыларымыздың тарапынан да байқауға болады. Мысалы, профессор А.Ісімақова: «Модернизмнің туған жылы да белгілі — 1910, Вирджиния Вулфтың айтуы бойынша, сол жылғы күз. Философтар модернизмнің басталуын Гегель, Кант, Вольтер, Декарт, Руссо, Паскаль еңбектерінен табуды ұсынады. Бірақ бұлар модерн деп атаған құбылыс көркемдік модернизмнен басқаша», — деген пікір білдіреді [1; 62]. Десек те, модернизм тарихына азын-аулақ көз жүгіртсек, ол тек әдебиет емес, сондай-ақ кино, театр, музыка, мүсін, сурет, дизайн, сәулет өнеріне де тиесілі екенін көреміз.

Модернизм (итал. *modernismo*, лат. *modernus* — жаңа, қазіргі) — XX ғасыр басында рухани сана дағдарысы кезінде пайда болған философиялық-эстетикалық ағымдардың жиынтық атауы. Модернизм негізінен философиялық ой толғамдардан қуат алады. Сол себепті еуропалықтар үшін бар өнердің өзегі һәм ұйытқысы философия болды. Өйткені оларда дін өзінің қызметін шығыстағыдай атқарған жоқ. («В Европе преобладает философское стремление, в Азии — религиозное». Дрэпер). Яғни, қоғамдағы жаңалықтарға дін түрткі яки ұйытқы бола алмады. Қайта өрлеу дәуірінің түрткісі рационализм (ақылға қонымдылық) болса, модернизмнің түрткісі иррационализм (ақылға қонымсыздық) екені белгілі. XV ғасырдан рационализмге қатты ден қойған Еуропада XIX ғасырдан бастап иррационализмге қарай ойысты.

Модернизм — өнер қайраткерлерінің әлемдік қақтығыстарға, адамзат дамуындағы дағдарыстарға деген көзқарастарын білдірді. Ең алдымен, «modern» сөзі «қазіргі (жаңа) кезең» деген мағынаны білдіреді. Оның екі мәндік мағынасы бар: біріншісі қазіргі кезең «қазіргі кезең талабына сай», екіншісі модернге, яғни модернизмге. Өз кезегінде «модерн» терминімен мәдени құбылыстардың ауқымды тобы белгіленді. Тар мағынада, «модерн» ұғымы деп XIX–XX ғ. басындағы көркем-әдебиеттік қозғалыс түсінілді. Ал кең мағынада «модерн» ұғымы Жаңа заман (Modernity) деп аталған белгілі бір дәуірге сәйкес келген тарихи кезеңді айқындайды. Бұл дәуір Антикалық және Ортағасыр дәуірінен кейін келді. Осы екі дәуірдің жиынтығы «Pre-modernity» (модерналды) деп аталады. Модерн тарихи дәуір ретінде модернизм деп аталған ерекше философиялық және ғылыми көзқараспен сипатталады. Өкілдері — Бэкон, Декарт, Ньютон, Гегель, Маркс және тағы басқалар. Бұл көзқарастың негізгі идеясы — адамның ақыл-ойының әлемді нақты объективті заңдылықтарға бағынатын, біртұтас жүйе деп қарастыру мүмкіндігіне деген сенім, сондай-ақ табиғат пен қоғамның

негізгі заңдылықтарын табу тарихи прогреске әсер етіп қана қоймайды, сонымен бірге әлемді соған сәйкес қайта құруға мүмкіндік береді деген сенім.

«Постмодерн» термині пайда болмас бұрын тарихи сахнада ең көп талқыланатын өзекті мәселе модерн еді. Бірақ ол «постмодернизмнен» мүлде басқа арнада қарастырылды. Модерн, біріншіден, эстетикалық модернизм туғызған және классицизм қабылдаған классицизм/модернизм (немесе классика/модерннің) қарама-қарсылық тұрғысынан қарастырылды. Классицистер «классиканың қазіргі заманғы мәдениеттің бастауы» деген концепцияны алға тартып, модернизмді көбіне «тарихтың көбігі», кеңестік лексикондағыдай, «капитализмнің шірі бастаған сатысы» деп бағалайтын; ал модернизм болса, «классиканы» әбден біткен әрі керексіз заттардың жиынтығы деп сынайтын. Олар модернизмнің шығармашылық, төңкерісшілдік, прогрессивті, болашаққа ұмтылған сипаттамаларын мақтан ететін. Ал қазіргі постмодернизм классика мен модерннің қарама-қарсылығын жалған, алдамшы жағдай ретінде қарастырады.

Екіншіден, модернизм өнердің классикалық қағидаларын теріске шығарып келген жаңа көркемдік құбылыс ретінде қарастырылады. Сондықтан модернизмнің туындауын XIX–XX ғғ. деп тарихи тұрғыда таңбалануы осыдан қалған. Көркем модернизм өз дәуірінің әлеуметтік және саяси мәселелерінен бастартты деуге болмайды, керісінше, модернистік мектептер төңкерісшілдік саяси қозғалыстарда да бой көрсетті, алайда олар болмысты өзгертудегі жетекші рөлді өнерге бергендіктен, қиялшылдық басым болды.

Осы күнде постмодернизмнің пайда болуымен қатар, модернизмге баға беру мәселесі де түбегейлі түрде өзгерді. Егер ертерек кезеңдерде (1960-шы – 70-ші жж. басы) постмодернизм көбіне, ең алдымен, көркем өнер, әдеби және архитектуралық стильдермен байланысты болса (егер Х. Бертенске, И. Хассанға, Ч. Дженске ден қойсақ), көп ұзамай ол мәдениет пен қоғамның басқа да салаларына тарады. Модернизм постмодернизмді тек көркем өнердегі ағым ғана емес, белгілі бір мәдениеттің, қоғамның дамуындағы жеке тарихи кезең ретінде көрсетті. Постмодернистер басты назарды өнерге аударып келсе де, олар өнердің қоғамдағы түбегейлі өзгерген мәртебесін негізге ала отырып, саясаттың эстетизациялануының және өнердің саясаттануының, «өнердің өмірге бет бұруын» (Бодриар), бұрындары «өнер» мен «өмірді», «мәдениет» пен «табиғатты», жасандылық пен табиғилықты бөліп келген шарттылықтардың бұзылуын зерттеді.

Модерн мен постмодерннің өзара қатынасы жайлы күрделі дау-дамайлы мәселені таразыға салар бұрын «модерннің» не екенін (постмодерннің тұрғысынан) қарастыру керек, өйткені модерннің күрделілігі мен қарама-қайшылығы «постмодерннен» кем түспейтіні белгілі. Брэдбери мен Макфарлейн модернді футуризм мен нигилизмнің, жанашылдық пен ескішілдіктің, натурализм мен символизмнің және классицизмнің әдеттен тыс қоспасы деп бағалайды [2; 46].

Модернизмге баға берудің және анықтаудың қиындығы зерттеушілердің осы терминге әртүрлі мағына беретіндіктерінде жатыр. Оны біресе өзіне тән әлеуметтік және мәдени институттары бар жаңа қоғамдық формация деп бағалайды, біресе оны етене құндылықтары, көріністері және нанымдары мен сенімдері бар мәдениет түрі деп көтермелейді; біресе сананы, ғылымды және білімді жоғары қоятын прогрестің, жанашылдықтың, заманауи және т.б. түсініктерін ту еткен түр деп түсінеді. «Мұндай екіұштылықта модернистің айналасындағы теориялық дискурстардың соншалықты күрделі және жиі шатысқан түрде кездесетініне таң қалуға болмайды, әрі бұл жаһандану мен модернистің қатынастарына баға беруді қиындата түсетіні сөзсіз» [3; 34].

Модерн іштей көптеген «модернизмдерге» бөлшектеніп кетеді, ал олардың әрқайсысының өз тарихы, пайда болу шарттары және өзіне тән ерекшеліктері бар. Модернизмді (сондай-ақ постмодернизмді де) анықтаудың қиындығы «қайсыбір түсініктердің мән-жайын пайымдағанымызша, ол соншалықты түсініксіз әрі көмескілене түседі» дейтін бағзы философиялық ойды еске түсіреді.

Негізінен алғанда модерн дәуірі тарихтың белгілі бір кезеңі ретінде феодализм дәуірінен немесе аграрлық қоғамнан бөлек. Модерн капитализммен жиі теңестірілуде. Өйткенмен кейінгі немесе кемелденген капитализмде модерн капитализмнің жалғасы ма, жоқ әлде жаңа сатыға – посткапитализмге өтуді дәйектей ме деген сұрақтар да пайда болды. Мұндай көзқарас модернизмнің уақыттық «хронологиялық» ауқымын түбегейлі түрде өзгеруге мәжбүр етті. Басында оның пайда болуын XIX–XX ғ., одан кейін индустриалдық төңкеріс дәуіріне (XIX ғ. ортасы), сонан соң Ағарту дәуіріне (XVIII ғ.), кейінірек Жаңа уақыттың басталуы мен капитализмнің туындау кезеңіне (XVII ғ. басына) апарса, бұл күнде оның басталуын көбіне Қайта өрлеу дәуірімен байланыстыруда.

Модернге дейін әлем өзін қозғалысы тұрақты, бағзыдан мәңгілікке дейін орныққан ғаламдық тәртіп есебінде ұсынады. Онда ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа пәлендей ештеңе өзгере

қоймайды. Ал модернистік эстетикада қандай да бір өзгерістер әлеуметтік апат деп қабылданды, жаңашылдық неге апарып соғары белгісіз, ол жаңашылдықтар қалыптасқан тәртіпті бұзатын қауіпті жағдай деп қарастырылды. Модернизмде (капитализмде), Маркс айтқандай, дүниенің бәрі қозғалысқа түседі, өзгермелі болады. Адамдар үйреншікті мекендерін тастап, тәуір тірлік іздейді. Бұл жаңалықтар адамдардың әлеуметтік және эмпирикалық тәжірибесін, сезімдері мен дүниетанымын түбегейлі түрде өзгеріске түсіреді. Көптеген зерттеушілер тілге тиек ететін, Маршалл Берман анықтағандай, «модерн болу дегеніміз — билікті, өсуді, біздің өзіміздің және әлемнің өзгерісін қалайтын, қолда бардың бәрін қиратуға бейімділік. Модерндік жағрапия мен этникалықтың, тап пен ұлттың, дін мен идеологияның барлық шекараларын бұзып өтеді; бұл тұрғыда модернисті бүкіл адамзатты біріктіреді деп айтуға болады. Бірақ бұл оғаш бірігу, бөлінгендіктің бірлігі; ол бізді тұрақты дезинтеграция мен жаңаланудың, күресу мен қарама-қарсылықтың, екіұдайылық пен азаптың иіріміне тартып алады» [4].

Энтони Гидденс модернистің модернге дейінгі әлемнен басты өзгешелігін дәстүрдің қуатына, өткенмен байланысына, әлеуметтік тәртіпке негіздеген болатын; модернисті өткеннен қол үзуді өзінің конститутивті қағидасы ретінде қарастырады. Яғни, тұрақты түрде жаңару, өткеннен (көнеден) бастарту. Өткеннен ажырау, алдыңғы қатарға уақыттың, бұрынғының және қазіргінің (сондай-ақ болашақтың) үздіксіз байланысындағы уақыт пен тарих мәселесін шығарады. Уақытты сезіну мен бұрынғының бірігуіндегі тарихи сезім өзгерді. Ең алдымен, бұл сезімді Гамлеттің ауызына «уақыттың жібі үзілді...» деген сөзді салып берген модернист Шекспир жеткізді.

Модернизмнің салыстырмалы түрдегі алты түрлі сатысы бар. Бірінші, гуманизм, урбанизм және перспективизмге екпін жасалған (XIV–XV ғғ.) ренессанстық модернизм; екінші, белсенді кәсіпкерлік, әлем мен мәдениеттің кәсіпкерленуіне және индивидуализмге акцент жасаған капиталистік модернизм; үшінші, ағартушылық модернизм немесе осы мәселені қарастырушы Хабермас айтқандай, сананы, ғылымды және білім беруді биік ұстаған «модернистік жоба»; төртінші, машинаны, техниканы және техникалық рационализмді ту еткен индустриалды-техникалық модернизм; бесінші, бекзаттық және бұқаралық мәдениеттерді ажыратып, тоқтаусыз тәжірибе жасаған эстетикалық модернизм; алтыншы, медиа қатынас-байланыстарға және жоғары технологияларға бет бұрған кейінгі, немесе жоғарғы, модернизм. Соңғы саты модернизм мен постмодернизм шегараларын тым-тым жақындатады. Әрбір саты алдыңғы қатарға өздерінің ерекшеліктерін шығарады, сондықтан бүгінде модернизм жайлы сөз қозғау оңай емес.

Белгілі әдебиет теоретигі М.Н.Эпштейн «модерн» түбірінен тамырланатын екі үлкен айырмашылығы бар ұғымды ажыратып берді:

«1) модернистік — орта ғасырдан бастау алып немесе («modernity», немесе орыс терминологиясымен сәйкес «жаңа уақыт») Қайта өрлеу (ренессанс) дәуірінен басталып, XX ғасырдың ортасына дейін жалғасқан, жарты мыңжылдықты қамтыған бүкіл әлем тарихындағы үлкен дәуір;

2) модернизм («modernism») — модерн дәуірін аяқтайтын жарты ғасыр өмір сүрген XIX ғасырдың аяғына дейін жалғасқан немесе Бірінші дүниежүзілік соғыстан 1950–1960 жылдарға дейін созылған, белгілі бір мәдени кезең» [5; 472].

«Модерн» терминінің мағынасын талдауды аяқтай келе, оны талдаудың тағы бір нұсқасына тоқтала кеткен жөн деп санаймыз. П.Козловский «модерн» ұғымын талдаудың нұсқасы көп деп есептейді. Дегенмен де, «модерн» ұғымы туралы ғалымдарымыз түрлі пікірде екенін жоғарыда атап өттік. Көптеген зерттеушілеріміз модернисті жеке бір тарихи кезең деп қарастыруға болмайды, оны өзінің бастауын Ежелгі Грециядан алатын, христиандық дәуірден өтетін, сөйтіп толық көрінісін Жаңа Заманнан табатын тарихи жоба деп қарастырған жөн деп санайды. Осы тарихи, яғни дүниетанымдық, жүйені, Хабермас айтқандай, «модерннің жобасы» деп айтуға болады, — деп, оның (Хабермас жобасының) мынадай сипатты белгілерін көрсетеді:

— шындықтың алуантүрлілігін, бірыңғай негізден шығаратын әлемнің әмбебап бейнесін жасауға ұмтылу;

— осы негіздер туралы адамның ақыл-ойының абсолюттік білімге қолжеткізе алатындығына сенім білдіру;

— осы білімді шын мәнінде толығынан жүзеге асыруға ұмтылу;

— осындай жүзеге асыру адамның ізденіс бағытын ұлғайтуға әсер етеді деген сенім;

— адамзат дамуының біртіндеп дамитындығына деген сенімділік, бұл жерде қазіргі өткен дәуірден, ал болашақ бүгінгіден үстем болады дегенді білдіреді [6; 12-20].

Модернді тарихи жоба деп қарастыру көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі және бұл ұғымның мағынасының көптігін көрсетеді. Сондай-ақ модернді осылайша түсіну, модернистік тенденциялармен қатар антимодернистік түсініктердің бар екенін де білдіреді. Мысалы, Жаңа Заманда модернистік көзқарас үстем болған тұста де Сад, Ницше, Джойс, тағы басқалар тұлғаларды өмірге әкелді.

Фредерик Джеймсон модернизм және постмодернизмнің арасындағы қатынастардың қалыптасқан төрт түрін бөлектейді: пропостмодернистік/ антимодернистік (сәулетшілер Чарльз Дженкс пен Роберт Вентури, жазушы Том Вулф және тағы басқалар), антипостмодернистік /промодернистік (әдеби сыншы Хилтон Крамер, *New Criterion* журналы және Юрген Хабермас); промодернистік/проантимодернистік (Жан Франсуа Лиотар); және модернистік/антимодернистік түр (оған сәулет өнерінің итальяндық тарихшысы Манфредо Тафруди жатқызылады).

Шамасы, қатынастардың осынау төрт түрін түсіндіруде мағына бар сияқты. Пропостмодернистік/антимодернистік түр оның жақтастары постмодернизмді (постмодернитиді) модернизм мен модернитиден өзгеше термин және феномен ретінде қарастырады, сондай-ақ олар постмодернитиді тарихи кезең ретінде, немесе постмодернді мәдениет түрі ретінде модерннен бөліп қарайды дегенді білдіреді. Бұл Джеймсонның пайымдауынша, оның бар осалдығына қарамастан, барынша дәйекті және мығым бағыт болып табылады.

Антипостмодернистік/промодернистік түр, оның жақтастары постмодерн(изм)ді термин ретінде, тарихи кезең және мәдениеттің бір түрі ретінде теріске шығарады дегенді білдіреді. Бұл бағытты да дәйекті әрі мығым құбылыс деп есептеуге болады. Мұның өзінде постмодернизмді теріске шығару жолдарының әртүрлі болуы ғажап емес. Басты келіспеушіліктер осы екі негізгі түрлердің арасында туындайды, ал қалған екеуі жартылай және сенімсіз болып табылады.

Үшінші, промодернистік/промодернистік түр, оның жақтастары постмодернизм терминін қабылдай отырып, постмодернизмді модернизмнің жалғасы немесе шарықтау шегі немесе, Лиотар айтқандай, мәдениеттің ерекше жағдайы, дағдарысы, бірақ модерн мәдениеттің (яки «кейінгі капитализмнің») дағдарысы деп есептейтіндіктерін білдіреді.

Төртінші, антимодернистік/антипостмодернистік түр, қарастыруға да татымайды, өйткені идеологиясы оның жақтастары үшін жасырын болып қалатын қайсыбір метанарративтің негізінде әлдебір тізеге салынған «классиканы» қорғап қалудың әдеттегі мысалы болып шығады [7].

Жоғарыда келтірілген көзқарастар алуандығы модернизм мен постмодернизмнің қарым-қатынасы жайлы сауал — қазіргі заманғы философияның және мәдениеттанудың әлі жүйеленіп бітпеген мәселелер екенінің көрсеткіші. Ал, жалпы «модерн» дәуірінен кейін өмірге келген «постмодерн» дәуірінің туу тарихы туралы да пікірталастар көп. Бүгінгі таңда дүниежүзілік әдебиеттануда, философияда, лингвистикада, мәдениетте және жалпы өнер атаулыда өзекті мәселе болып отырған «постмодернизм» ұғымы әдебиетке қашан енді және әлемде «постмодернистік» көзқарас қашан пайда болды, «постмодернизм» термині пайда болған кезде «модерн» мен «постмодерн» дәуірлерін бөлетін хронологиялық шекара қайда деген сауалдарға жауап берудің өзі қиындық тудыруда. Сондықтан да «70-жылдардағы қазақ прозасында авторлық «Меннің» берілу амалдарының күрделене түскенін» айтып жүрміз [8; 14].

Зерттеушілердің көпшілігі «модерн» дәуірінің өткен күнге айналғанын, ал «постмодерн» өзінің құқығына қашан ие болғанын нақты белгілей алмай жүр. Ал, осыны анықтауды қажет ететін сұрақтарға жауаптардың көптігін және жүйесіз нұсқаларын жиі кездестіреміз. Тіпті, «постмодерн дәуірі мен постмодернизм кезеңін» (М.Эпштейн) сөз етпей тұрып, «модерн дәуірімен бірге модернизм идеялары да аяқталды ма» деген маңызды сауалдарға жауап беруде Еуропаның әдебиетті зерттеуші-ғалымдарының ой-пікірлері де бір тоқтамға әлі де келе қоймағанын аңғарамыз.

Қайшылыққа толы пікірлерді бір ізге түсіріп жүйелер болсақ, модернизм теориясының жалпы деген принциптері турасында мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- әлемдік әдебиет контекстінде модернизм эстетикалық доктрина ретінде алдыңғы дәуірлердің рухани құндылықтары мен дүниетанымдық қырларын жаңаша парықтаудан барып дүниеге келді;

- дәстүрлі эстетикалық ұстанымдарды басқаша екшеудің мысалдары ретінде еуропалық әдебиетте импрессионизм, символизм, жаңа драма, кубизм, имажизм, футуризм, экзистенциализм және тағы басқа мектептер мен ағым-бағыттар пайда болды;

- еуропалық модернизм дүниежүзілік соғыс сияқты адамзат көшіндегі ауытқулар мен әлеуметтік-тарихи дағдарыстар тұрғысында белең алып, әлем келбетін, өмір шындығын танытуда өз әлеуетін тауысып біткен позитивизмге қарсы тұрудан басталды;

– модернистер өз дәуірлерін ірі тарихи жаңарулар мен түбегейлі өзгерістердің кезеңі деп қарады;
– алғаш тәжірибе түрінде енгізіліп, кейін теориялық тұрғыдан негізделген «сана ағымы», А. Бергсонның интуиция және сана өзгерістері мен өмір құбылыстарының ұқсас жағдайларын сабақтастыру, З. Фрейд пен К. Юнгтың адам әрекетерін санадан тысқары қарастыратын психоанализ хақындағы тұжырымдамалары модернистер үшін айрықша маңызға ие болды.

Модернизм қоғамдағы қайшылықтардың барынша тереңдеген уақытында рухани-мәдени құлдырау, санадағы дағдарыстар белең алып кеткенде, оған қарсы реакция ретінде жаңа құндылықтар ізденістері кезінде пайда болғанын білеміз. Қазақ прозасында XX ғасырдың алғаш кезеңдерінде көрініс беріп, қайтадан үзіліп қалған модернистік поэтика желісі 1960 жылдардан бастап қайта өрістеуінде әлемдік тәжірибелермен аналогиялар байқалмай қоймайды. Дүниежүзілік соғысты адамзаттың ең үлкен дағдарысы, адам баласының рухани-ұждандық тұрғыдан ең ірі құлдырауы деп санаған әлем модернистері көркем ойлауды жаңа көкжиекке бағыттау, түп-тамырымен қайта қалыптау деп білсе, 1960 жылдардан бастап қайта өріс ала бастаған қазақ модернизмі маркстік-лениндік эстетикаға көзсіз берілуден бастартудан, тоталитарлық сана үстемдігінен арылуды ойлай бастаудан, «жарқын коммунизмге бет алып бара жатқан» өз қоғамдарының болашағына шүбә келтіруден барып күш алды.

Модернизмнің басты мақсаты – мәдениетті «модернизациялау», яғни «жетілдіру». XX ғасырдың басындағы авангардистік ағымдардың манифестерін оқып қарасаңыз, барлығының да мәдениетті жетілдіру проблемасын көтергенін байқар едіңіз. Алайда модернизм де біркелкі емес, ала-құла, көптеген мүдде, көзқарас, эстетикалық теориялардың қақтығысынан тұрады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Исмакова А.С. Асыл сөздің теориясы / А.С. Исмакова. — Алматы: Таңбалы, 2009. — 376 б.
- 2 Bradbury M. Modernism, 1890–1930 / M. Bradbury, J. McFarlane. — Harmondsworth, 1976.
- 3 Tomlinson J. Globalization and Culture / J. Tomlinson. — Cambridge: Polity Press, 1999.
- 4 Berman M. All That is Solid Melts Into Air / M. Berman. — New York, 1982.
- 5 Эпштейн М.Н. Постмодерн в русской литературе: учеб. пособие для вузов / М.Н. Эпштейн. — М.: Высш. шк., 2005. — 495 с.
- 6 Хабермас Ю. Будущее человеческой природы / Ю. Хабермас; пер с нем. — М.: Изд-во «Весь Мир», 2002. — 144 с.
- 7 Jameson F. Postmodernism, Or, the Cultural Logic of Late Capitalism / F. Jameson. — Duke University Press, 2001. — 268 p.
- 8 Жарылғапов Ж. Оралхан Бөкей туындыларындағы кеңістік пен кейіпкер концепциясы / Ж. Жарылғапов, Л. Кенешова // Қарағанды ун-нің хабаршысы. Филология сер. — 2016. — № 4(84). — 14–20-б.

А.Ф. Утяев, Ж.Ж. Жарылғапов

Теоретические дискурсы о модернизме

В статье рассмотрены разные теоретические взгляды о модернизме, актуальные в современном искусстве и культуре, философии и литературе. На конкретных примерах указано, что смысл понятия «модернизм» в литературе и искусстве неоднозначен. Доказано, что модернистские течения появлялись в пересмотре бывших философских основ и художественно-эстетических принципов в творчестве. Проанализированы мировые концепции модернизма и постмодернизма в теории литературы, даны обширные сведения о новых идейно-эстетических исканиях казахской литературы. Всесторонний анализ теории модернистских течений позволил сделать выводы о новых поэтических парадигмах.

Ключевые слова: модернизм, модернистские течения, модернистские школы, постмодернизм.

A.F. Utyaev, Zh.Zh. Zharylgapov

The theoretical discourses about modernism

In this article considered various theoretical points of view about modernism, which is actual in the modern art and culture, philosophy and literature. Specific examples indicate that the concept of «modernism» in lit-

erature and art is not one-sided, they consist of different views and contradictions of esthetic theory. In survey work it is proven that currents of modernism appeared in the revision of later philosophical basis and literally-esthetic principles in creativity. Analyzing the world concepts of modernism and postmodernism in the theory of literature is given on extensive information new ideological and esthetic searches of Kazakh literature. Considering the theory of modernism currents, there are conclusions about new poetic paradigms.

Keywords: modernism, modernist trends, modernist schools, postmodernism.

References

- 1 Ismakova, A.S. (2009). *Asil sozdin teoriasy [Theory precious words]*. Almaty: Tanbaly [in Kazakh].
- 2 Bradbury, M., & McFarlane, J. (1976). *Modernism, 1890–1930*. Harmondsworth.
- 3 Tomlinson, J. (1999). *Globalization abd Culture*. Cambridge: Polity Press.
- 4 Berman, M. (1982). *All That is Solid Melts Into Air*. New York.
- 5 Epstein, M.N. (2005). *Postmodern v russkoi literature [Postmodern in Russian literature]*. Moscow: Vysshaya shkola [in Russian].
- 6 Habermas, Yu. (2002). *Budushchee chelovecheskoi prirody [The future of human nature]*. Moscow: Izdatelstvo «Ves Mir» [in Russian].
- 7 Jameson, F. (2001). *Postmodernism, Or, the Cultural Logic of Late Capitalism*. Duke University Press.
- 8 Zharylgapov, Zh.Zh., & Keneshova, L. (2016). Oralkhan Bokei tuyndylaryndahy kenistik pen keiipker kontseptsiiasy [The concept of character and space in the works of Oralkhan Bokei]. *Karahandy universitetinin khabarshysy. Filolohiya seriiasy – Bulletin of Karaganda Universiti. Philologi Series*, 4(84), 14–20 [in Kazakh].